**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ САРЫАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ**

**СЕССИЯ САРЫАГАШСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ШЕШІМ** **РЕШЕНИЕ**

26 желтоқсан 2017 жыл № 18-203-VI

Сарыағаш қаласы город Сарыагаш

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 2018 жылғы 09 қаңтар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4387 болып енгізілді

**Сот шешімімен Сарыағаш ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес сот шешімімен Сарыағаш ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидалары бекітілсін.

2. «Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалык актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумактық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Сарыағаш ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын камтамасыз етсін.

0000088

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы** **Б.Садықов**

**Аудандық мәслихат хатшысы** **Ж.Сүлейменов**